

**КӨМЕКОВ  
БОЛАТ  
ЕШМҰХАМБЕТҰЛЫ**

**БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ  
БИОБИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ**



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ атындағы  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА**

---

**БИОБИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ**

**КӨМЕКОВ  
БОЛАТ  
ЕШМҰХАМБЕТҰЛЫ**

Нұр-Сұлтан, 2021

**ӘОЖ (01):(09)  
КБЖ 91.9:63  
К 68**

*Бас редакторы:*

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ  
Ғылыми кітапханасының директоры,  
философия ғылымдарының кандидаты  
Б.Ә. Оразалиев**

*Жауапты редактор:*

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Ғылыми кітапханасының  
директордың кітапхана ісі жөніндегі орынбасары  
Ж. Бекайдарқызы**

**Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы: биобиблиографиялық  
көрсеткіш/ құрастырғандар: З.Ш. Жолдасбекова, М.З. Ермағанова. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. – 137 б.**

ӘОЖ (01):(09)  
КБЖ 91.9:63

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
им. Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА**

---

**БИОБИБЛИОГРАФИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ**

**КУМЕКОВ  
БОЛАТ  
ЕШМУХАМБЕТОВИЧ**

Нур-Султан, 2021

**УДК (01):(09)**  
**ББК 91.9:63**  
**К 90**

*Главный редактор:*  
Директор Научной библиотеки ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,  
кандидат философских наук  
**Б.А. Оразалиев**

*Ответственный редактор:*  
Заместитель директора по библиотечной работе  
Научной библиотеки ЕНУ Л.Н. Гумилева  
**Ж.Бекайдарқызы**

**Кумеков Болат Ешмухамбетович: библиографический  
указатель / составители: З.Ш. Жолдасбекова, М.З. Ермаганова.**  
– Нур-Султан: Издательство ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2021. – 137 с.

УДК (01):(09)  
ББК 91.9:63

## **ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАРҒА!**

Бұл көрсеткіш Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Болат Ешмұхамбетұлы Көмековке арналған.

Биобиблиографиялық көрсеткіште Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, шығыстанушы-арабтанушы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз-ғалым Б.Е. Көмековтің ғылыми-шығармашылық еңбектері, өмірі мен қызметі туралы еңбектердің тізімі берілген.

Көрсеткішке енген отандық тарих тақырыптарында жазылған материалдарда Қазақстанның ортағасырлық тарихының, тарихи географиясының, IX-XVII ғасырлардағы араб, парсы және түркі жазба мұраларындағы картография және деректану саласының дамуы кең көлемде баяндалады.

Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан. Әр жылдардағы жарияланған еңбектері әліпби ретімен беріліп отыр. Соңында еңбектердің әліпбилік және есімдер көрсеткіштері, сонымен қатар шығармашылық өмір тарихынан сыр шертетін фотосуреттер жарияланды.

Биобиблиографиялық көрсеткіш студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, ізденушілерге, отандық тарихты зерттеушілерге арналған.

## **УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!**

Данный указатель посвящен доктору исторических наук, профессору Евразийского Национального университета им. Л.Н. Гумилева Болату Ешмухамбетовичу Кумекову.

Биобиблиографический указатель содержит список научно-творческих трудов академика Национальной Академии Наук Республики Казахстан, востоковеда-арабооведа, доктора исторических наук, профессора, ученого-педагога Б.Е. Кумекова, а также факты жизни и деятельности.

В материалах отечественной истории, вошедших в указатель, широко освещаются вопросы средневековой истории, исторической географии Казахстана, картографии и источниковедения в арабском, персидском и тюркском письменном наследии IX-XVII веков.

Материалы указателя расположены в хронологическом порядке. Изданные труды разных лет представлены в алфавитном порядке. В завершении были опубликованы алфавитные и именные указатели трудов, а также фотографии, рассказывающие об истории творческой жизни.

Биобиблиографический указатель предназначен для студентов, магистрантов и докторантов, а также соискателей и исследователей отечественной истории.



**ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ,  
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,  
ПРОФЕССОР, ШЫҒЫСТАНУШЫ-АРАБТАНУШЫ,  
БОЛАТ ЕШМҰХАМБЕТҰЛЫ КӨМЕКОВТІҢ  
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Көмеков Болат Ешмұхамбетұлы 1940 жылы 5 тамызда Жамбыл облысы, Тараз қаласында дүниеге келген.**

**1957-1961 жж.** Ташкент мемлекеттік университеті шығыс факультетінің араб бөлімін бітірді.

**1961 ж.** Араб тілі мен әдебиеті бойынша білімін жетілдіру мақсатында Бағдат университетінде тағылымдамадан өтті.

**1963-1965 жж.** Египетте, Асуан биік бөгетінде аудармашы болып жұмыс істеді.

**1965-1968 жж.** КСРО Ғылым академиясы Тарих, археология және этнография институтының аспиранты болды.

**1966-1969 жж.** КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтының Ленинградтағы филиалына қызметке жіберілді.

**1970 ж.** «Араб деректеріндегі ІХ-ХІ ғасырлардағы қимақтар-дың жағдайы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

**1965-1974 жж.** ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының аспиранты, кіші аға ғылыми қызметкері.

**1974-1996 жж.** ҚР ҰҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында бөлім меңгерушісі.

**1994 ж.** Ресей ғылым академиясының Шығыстану институтында «VIII-XIII ғғ. қыпшақ, құман және қимақ тарихына қатысты араб деректері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

**1995 ж.** ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болып сайланды.

**1996-2000 жж.** Қазақ мемлекеттік заң институтында Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.

**2000-2003 жж.** Қазақ гуманитарлық заң университетінің қыпшақтану орталығының директоры.

**2003 ж.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болып сайланды.

**2003-2008 жж.** ҚазМЗУ-де Халықаралық қыпшақтану институтының директоры.

**2008-2009 жж.** ҚР БҒМ Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография институтының бас ғылыми қызметкері.

**2009-2010 жж.** Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Халықаралық қыпшақтану институтының директоры.

**2010 жылдың** желтоқсанынан қазіргі уақытқа дейін Халықаралық қыпшақтану институтының директоры.

**2012 жылдың** қыркүйегінен қазіргі уақытқа дейін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры және «Академик» ғалымдар клубының мүшесі.

### **Марапаттары, құрметті атақтары:**

**1983 жылы** Қазақстан мемлекет сыйлығының иегері.

**1995 ж.** ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі болып сайланды.

**2001 ж.** «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтойлық медалі.

**2002 ж.** Ғылымға сіңірген еңбегі үшін мемлекеттік стипендия иегері.

**2003 ж.** Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болып сайланды.

**2014 ж.** «Парасат» ордені.

Қырғызстан Республикасының Құрмет грамотасымен марапатталды.

**ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ  
АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,  
ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК,  
ПРОФЕССОРА, ВОСТОКОВЕДА-АРАБОВЕДА  
БОЛАТА ЕШМУХАМБЕТОВИЧА КУМЕКОВА**

**Кумеков Булат Ешмухамбетович, родился в 1940 г. 5 августа в г. Джамбуле (ныне Тараз).**

**1957-1961 гг.** – студент Ташкентского Государственного университета, арабского отделения факультета востоковедения.

**1961 г.** – стажировка в Багдадском университете с целью повышения знания арабского языка и литературы.

**1963-1965 гг.** – работал в Египте на высотной Асуанской плотине переводчиком.

**1965-1968 гг.** – аспирант Института истории, археологии и этнографии Академии наук Казахской ССР.

**1966-1969 гг.** – годы обучения в аспирантуре были продолжены в Ленинградском отделении Института востоковедения АН СССР, научным руководителем был известный тюрколог С.Г. Кляшторный.

**1970 г.** – защитил кандидатскую диссертацию – «Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам».

**1965-1974 гг.** – работал в Институте истории, археологии и этнографии АН КазССР в качестве младшего научного сотрудника, затем старшего научного сотрудника.

**1974-1996 гг.** – заведующий отделом в Институте истории, археологии и этнографии им.Ч.Ч. Валиханова НАН РК

**1994 г.** – защитил докторскую диссертацию в виде научного доклада в Санкт-Петербургском филиале Института востоковедения РАН – «Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимеков VIII-XIII вв».

**1995 г.** – избран членом-корреспондентом НАН РК.

**1996-2000 гг.** – работал заведующим кафедрой истории Казахстана в Казахском государственном юридическом институте.

**2000-2003 гг.** – директор Центра кипчаковедения Казахского гуманитарно-юридического университета.

**2003 г.** – избран академиком НАН РК.

**2003-2008** гг. – директор Международного института кипчаковедения КазГЮУ.

**2008-2009** гг. – главный научный сотрудник в Институте истории и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова МОН РК.

**2009-2010** гг. – директор Центра кипчаковедения в КазНУ им. Аль-Фараби.

**2010** г. – с декабря по настоящее время является директором Международного института кипчаковедения.

**2012** г. – с октября по настоящее время – профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева и участник клуба ученых «Академик».

### **Почетные звания, награды**

**1983** г. – удостоен Государственной премии Республики Казахстан

**1995** г. – избран членом-корреспондентом НАН РК

**2001** г. – награжден юбилейной медалью «10 лет Независимости Республики Казахстан»

**2002** г. – удостоен Государственной стипендии за заслуги перед наукой

**2003** г. – избран академиком НАН РК.

**2014** г. – награжден орденом «Парасат»

Награжден Почетной грамотой Кыргызской Республики.

## МЕМЛЕКЕТ АШҚАН ТҰЛҒА

Қазіргі күні қоғамтану ғылымдарында, соның ішінде тарих ғылымында жұрттың назарын бірден аударатындай, көпшіліктің құлағын бірден елең еткізетіндей жаңалық ашу мүмкін емес-ті. Ондай жаңалықтарды ашу тек жаратылыстану ғылымдарының үлесінде тұрғандай көрінеді және солай болып келе жатқан секілді. Дегенмен өте сирек болса да, қоғамтанушы-ғалымдардың зерттеулерінде жаңалықтар ашылып жатады. Ондай жаңалықтарды біздердің дер кезінде білмеуіміздің себебі – ашылған жаңалықтың маңызын дұрыс түсінбеуімізден болса керек.

Осыдан тура жарты ғасыр бұрын бүкіл дүниежүзі бойынша Шығыстану ғылымы орталықтарының бірі болып саналатын Ленинград қаласында атақтары жер жарып, еңбектерін әлем мойындаған шығыстанушы ғалымдар ортасында отыздағы қарапайым қазақ жігітінің тарих ғылымдары мамандығы бойынша ашқан ғылыми жаңалығы – қазіргі түсінікпен айтсақ, отандық тарих ғылымындағы ірі сенсациялық жаңалық болды.

1970 жылы Ленинградтың ғылыми ортасын «шулатқан» қазақ жігіті – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстандағы шығыстану ғылымының құрылымдық жүйесінің негізін қалаушылардың бірі – Болат Ешмұхамбетұлы Көмеков болатын. Б.Көмеков Нева бойындағы қаланың ғылыми ортасын тек диссертация қорғау барысында емес, диссертация тақырыбын таңдау мен оны орындау барысында да таңғалдырады. Сол кездері отыздағы қазақ жігіті Ленинградтық әріптестері мен ғылымдағы аға буын өкілдерін өзінің ерекше қарапайымдылығымен, араб тілімен бірге бірнеше шет тілдерін аса жетік меңгергендігімен, керемет ізденімпаздығымен және қайсар табандылығымен мойындатады. Олай болса, бүкіл ғылыми ортаны дүр сілкіндірген Болат Көмеков кім еді және ол ғылымға қалай келген еді деген сұрақтарға рет-ретімен жауап берелік.

Академик Болат Ешмұхамбетұлы 1940 жылы 5 тамызда Тараз қаласында көп балалы отбасында дүниеге келеді. Заманының қандай болғанына қарамастан Болат ағайдың ата-бабалары имандылықты ту еткен, дін жолында жүрген жандар болған екен. 1957 жылы мектепті үздік бітіріп, жоғары білім іздеп Ташкент қаласына аттанады. Онда жаратылыстану мамандықтарының біріне қабылданып тұрса да, көңілі басқа жаққа ауып, ойлана келе, ақыры құжаттарын қайтарып

алады да, Ташкент Мемлекеттік университетінің шығыстану факультетіндегі араб бөліміне тапсырады. Басқа жер, басқа жұрт болса да, ондағы қабылдау комиссиясының мүшелері талапкердің біліміне ризашылық білдіріп, оқуға қабылдайды.

Университет қабырғасында да Болат Ешмұхамбетұлы қатарының алды болып, үздіктер шоғырынан көрінеді. 1961 жылы араб тілі мен әдебиеті бойынша білімін жетілдіру үшін университеттің төрт студенті Бағдат Мемлекеттік университетіне бір жылдық тағылымдамаға жіберіледі. Сол кездің өзінде 20-21 жастағы студенттің шетелге шығуы өзінше бір маңызды оқиға болса, екіншіден, студент Көмековтің үлкен, танымал адамдармен жолығуы, Халықаралық Ислам конференциясының жұмысы туралы хабардар болуы – жас жігіттің санасында ұзақ сақталады.

Ташкенттен келген студент-практиканттар КСРО-ның Ирактағы елшілігі орналасқан Бағдаттағы ғимаратына барып, әртүрлі қосымша жұмыстар атқаратын. Барып келу, алып келу, күтіп алу, шығарып салу, телефонға жауап беру және тағы басқа көптеген ұсақ жұмыстарды елшілік практиканттарға тапсыратын. Сондай бір күні Бағдатқа Халықаралық Ислам конференциясының жұмысына қатысу үшін Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшысы, Діни басқарманы құрған атақты Ишан Бабахан Әбілмажидханның ұлы әрі мұрагері Шейх Зияуддинхан ибн Ишан Бабахан (1957-1982 жж. басшы.) келеді. Кеңес Одағының Ирактағы елшісі мен Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының басшысы арасындағы кейбір әңгімелерді құлағы шалып жүріп, жас жігіт қазақ халқына қатысты мынадай әңгімелерді естиді. Ислам конференциясында кейбір араб елдерінің өкілдері қазақтардың жылқының етін жеп, қымызын ішетіндігін алға тартып, исламға жат әдет деп сынайды. Бұған қарсы Шейх Зияуддинхан ибн Ишан Бабахан: – Төрт түлік малдың еті мен сүті қазақ халқының ежелгі асы екенін айта келе, XIII ғасырда Мысырда билік құрып, ол елдің тарихында ерекше рөл атқарған Сұлтан Бейбарыстан бастап, мәмлүк сұлтандарының бірталайы Дешті Қыпшақтың өкілдері болғандығын, олардың заманында жылқы еті мен сүті Каир базарларында еркін сатылғандығын дерек мәліметтеріне сүйеніп айтып береді. Одан әрі бүкіл конференцияға басшылық жасап отырған Каирдегі Әл-Азхар университетінің ректоры З.Бабаханның жауабына қанағаттанып, бұл сұрақты бұдан былай көтермеу керектігін ескертеді.

Одан әрі Ташкенттен барған студенттер Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының дін басына сәлем бергенінде, ғұлама олардың сәлемдерін жылы қабылдап, аз және қысқа болса да көңіл аударып, жылы шырай білдіреді. Болат ағайымыздың қазақ және Қазақстаннан екенін білгеннен кейін З.Бабахан өзінің Бұхарадағы ұстаздарының бірі қазақ болғанын, аты-жөні Сәдуақас Ғылмани, Қазақстан мұсылмандарының қазии, Алматы қаласы мешітінің имамы және оның өте білімдар екенін айтып, жыл сайын Алматыға ұстазының туған күніне орай барып тұратынын айтады. Болат ағайымыздың кеудесін сол кезде үлкен қуаныш кернейді. Терең білімнің ғана көп нәрсені жеңетініне, мойындататынына көзін жеткізеді. Осы жерде айта кету керек, 10 жылдан кейін, яғни 1971 жылы Ленинградтан кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, ол жақты білімімен таңғалдырып келген Б.Көмековті 1952-1972 жылдардағы Қазақстан мұсылмандарының қазии, Алматы қаласы мешітінің бас имамы Сәдуақас Ғылмани (1890-1972 жж.) шақырады. Ол жөнінде Болат ағайымыздың былай деп айтқаны бар: «Қазіргі Орталық мешіт тұрған жерде бұрынғы мешіт және қазидың үйі тұратын. Бас имам шақырған соң сонда барып, ғұламаға сәлем бердім. Үлкен кісі қуана қарсы алып, хал-жағдайымды сұрады. Екі шай, бір ет желінді. Менің бүкіл өмірбаянымды білді. Соңында ғана шақырған себебін айтты. Өзінің жасы келіп қалғанын, мұсылмандықты жақсы сақтап, арабшаны өте терең меңгерген жастарға қазилық және бас имамдық орынды тапсыруды ойлай келе, көздеп отырғаным өзіңсің, айналайын». Болат ағайымыз болса, ұзақ ойлана келе, ғұламаның сенім білдіргеніне рахмет айта келе, өзінің кеңестік тәрбие мектебінен өткенін, комсомол мүшесі екенін, алған жоғары білімі мен қорғаған кандидаттық диссертациясы ғылыми жолдың бағыты екенін, қазіргі Қазақ елінде ортағасырлық тарихпен айналысатын мамандардың жоқ екенін, ал зерттеуін күтіп отырған тарихи мәселелердің көп екенін айтады. Содан кейін ғана Бас имам Болат ағайымыздың сөздеріне иланып, тағы да рахметін айтып, жылы қабақпен шығарып салады. Осылайша, ағайымыздың жеке өмір беттерінде көпшілік біле бермейтін осындай тұстар бар екенін білсін деген оймен айтып отырмыз.

Тәжірибеде араб тілі бойынша білімін тәуір жетілдірген студент Б.Көмеков елге оралып, оқуын одан әрі жалғастырады. 1963 жылы университетті бітірген ол Мәскеудің жолдамасымен Мысырдағы Асуан су қоймасын салып жатқан кеңестік инженерлерге аудармашы

болып жіберіледі. Бір жылға жетпейтін уақыт ішінде аға аудармашы дәрежесіне көтеріледі. Б.Көмековтің ғылым жолына келуінің өзі қызық. 1966 жылдың жазында кезекті еңбек демалысын алып Алматыға келеді де, бірден Ташкентте бірге оқыған досымен жолығады. Қазақ КСР Ғылым Академиясында жұмыс істейтін досы оны бірден Тарих, археология және этнология институтының бөлім меңгерушісіне, ал ол институт директоры академик Ақай Нүсіпбековке алып барады. Сөйтсе, институтта білікті кадр мәселесіне байланысты қиын жағдай қалыптасқан екен. 1960 жылы Қазақ хандығы дәуірі бойынша ең мықты маман – тарих ғылымдарының кандидаты Сапар Камалұлы Ибрагимов, 1965 жылы – төңкеріске дейінгі Қазақстан тарихнамасының негізін салушылардың бірі, белгілі тарихшы Едіге Айдарбекұлы Масанов (тарих ғылымдарының докторы, профессор Нұрболат Масановтың әкесі) кенеттен қайтыс болып, шет тілін жетік білетін мамандар қалмаған көрінеді. Соған байланысты институт басшылығы өз қызметкерлеріне шет тілін білетін таныстарын іздестіруді тапсырған сияқты.

Араб тілін жетік білетін Б.Көмековті институт басшылығы оның ойлануына мүрсат бермей, бірден жұмысқа қабылдайды.

Сол жылдар – Әбу Насыр әл-Фарабиді қазақ елі жаңа ғана танып-біліп жатқан кез болса, екіншіден ғұламаның 1100 жылдығына дайындық жұмыстары қызу жүріп жатқан болатын. Соған байланысты Болат ағайымызға алғашында Ә.Марғұланның жетекшілігімен «Әл-Фарабидің тарихи көзқарастары» атты кандидаттық диссертация тақырыбы беріледі. Бір жылдай әлемнің «екінші ұстазының» қолжазба мұраларымен танысып шыққан жас ғалым одан диссертацияға қатысты материалдар таппайды. Содан кейін институт директоры А.Нүсіпбеков аспирантураға тағы бір жыл қосып, Б.Көмековті 1966 жылы Ленинградқа аспирантураға жібереді. Қайнаған ғылыми ортада өзінді мойындатудың ең дұрыс жолы – білім және тағы білім екені белгілі. Жас Көмеков ленинградтық ғалымдарды араб тілін жетік білетіндігімен алғаш таңғалдырады.

Көмеков аспирантураға тарих мамандығы бойынша қабылданғандықтан оған жетекші бекіту жағы біршама қиындық туғызады. Араб тілінің мамандары филология мамандығы бойынша келісім береді. Бірақ аспирант тарихты таңдайды. Болашақ жетекшісі С.Кляшторный алғашқыда жетекші болудан бас тартады.



Себебі Болат ағайға дейін Қазақстаннан бірнеше аспирант келіп, жетекшінің қойған талаптарына шыдамай кетіп қалған екен. Болат ағайға да шыдамай кетіп қалар деген оймен қолжазба қорына жіберіп, араб тіліндегі мәліметтер бойынша бір айда болашақ тақырыбы туралы баяндама жазуды тапсырады. Аспирант Көмеков бір ай емес, 17 күн ішінде өте ыждағаттылықпен өзіне қажетті қолжазбаларды қарап шығады да, диссертациясына қажетті мәліметтерді орысшаға аударарды және баяндамасын жетекшісіне ұсынады. Аспиранттың мұндай іскерлігіне сенбей, институттағы араб тілін білетін мамандардан арнайы комиссия құрылып, араб тіліндегі қолжазбалардағы мәліметтер мен аспирант тапқан мәліметтер салыстырылады. Комиссия мүшелері Қазақстаннан келген аспиранттың қолжазбалармен танысқандығына, баяндама материалдарының бәрі қолжазбалардан алынғандығына және орысша аудармалардың дұрыстығына көздерін жеткізеді және барлығы да таңғалып, бастарын шайқайды. Комиссия қорытындысынан кейін ғана белгілі түрколог С.Кляшторный аспирантқа жетекшілік жасауға келісімін береді.

Міне, осы кезден бастап Қазақстаннан келген аспирант Көмеков туралы ленинградтық гуманитарлық ғылыми ортада небір «аңыздар» пайда болады. Тіпті мүйізі қарағайдай небір мамандар өздері іздеп келіп танысады. Осы жылдары алматылық Тұрсын Икрамұлы Сұлтанов та Ленинградта тарих мамандығы бойынша аспирантурада оқып жүрген болатын. Жас ғалымдардың сол кездегі жақын араласуы үлкен достыққа ұласып, ол достық әлі күнге дейін жалғасып келеді.

Б.Көмеков аспирантурада жүріп, жетекшісінің талабы бойынша XVIII-XX ғасырлардағы еуропалық шығыстанушы ғалымдардың еңбектерімен танысу үшін ағылшын, неміс, француз тілдерін де меңгереді. Шығыстанушы классиктердің мәселеге қатысты тұжырымдарын өз зерттеуінде қолданады.

Болат ағайымыз 1969 жылы аспирантурасын аяқтайды да, 1970 жылы тағы да бүкіл ғылыми ортаны таңғалдырып, Қимақ мемлекетінің тарихына арналған кандидаттық диссертациясын өте сәтті қорғап шығады. Диссертанттың ашқан ғылыми жаңалықтарын ғылыми кеңес мүшелерінің бәрі бірауыздан өте жоғары бағалап, ғылыми ізденістердің нәтижелерін шығыстану ғылымындағы зор жетістік деп бағалайды. Ғылыми жетекшісі өзінің сөйлеген сөзінде былай деп айтқан екен: «Тарих ғылымында тың жаңалықтар ашу

қиын, негізінен қазіргі кездегі тарихшылар өз зерттеулерінде белгілі бір бағыттағы мәселелерді кеңейтеді, толықтырады немесе мәселені басқа қырынан қарастырады. Ал ізденуші Б.Е. Көмеков өз зерттеуінде Қазақстан тарихында бұрын белгісіз болып келген жаңа мемлекеттің болғандығын дәлелдеп отыр. Ол мемлекет – Қимақ мемлекеті». Одан әрі шәкіртіне риза болған Сергей Григорьевич: «Колумб Американы ашса, Көмеков Қимақияны ашты», деп салыстырады.

Міне, осындай бағалаулардан кейін ленинградтық ғалымдар кандидаттық диссертация барысында алынған ғылыми жаңалықтарды докторлық диссертацияның нәтижелерімен сәйкес келеді деп есептеп, диссертантқа бірден ғылым докторы ғылыми дәрежесін беру жөнінде ұсыныс көтереді. Сол кездегі тәртіп бойынша ол үшін Б.Көмековті аспирантураға жіберген Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнология институты мен Академия басшылығының келісімі қажет болатын. Өкінішке қарай, Алматы мұндай ұсынысты қабылдамайды. Олар жас маманға бірден ғылым докторы дәрежесін беруді артық деп есептейді. Ол кезде тарихшылар 50 мен 60 жастың аралығында докторлық диссертациясын қорғап, профессор атанатын.

Б.Көмековтің бұл ғылыми жетістігі тек өзінің жеке басының ғана емес, сонымен бірге сол жылдардағы бүкіл қазақ ғылымының, Қазақ КСР Ғылым Академиясының зор табысы болып саналды. Диссертация негізінде 1972 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасы 2200 таралыммен оның «Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам» атты монографиясын жарыққа шығарды. Осылайша, Б.Көмековтің есімі әлемдегі танымал шығыстанушы ғалымдардың қатарына қосылады. Осы жерде айта кетелік, 2014 жылы бұл монография Түркияда түрік тілінде жарық көрді.

Алматыға қайтып оралғалы бері Б.Көмековтің өмірі Ғылым академиясымен, шығармашылығы академиялық ғылыммен біте қайнасып келеді. 1972 жылы досы Т.Сұлтановпен бірге академия журналында «Қазақстандағы тарихи-шығыстанулық зерттеулердің қорытындылары мен кейбір мәселелері» атты мақаласын жариялайды. Институт директоры академик А.Нүсіпбеков жас ғалымдардың көтерген мәселелеріне көңіл аударып, оларды қолдайды да, 1974 жылы институт құрылымында «Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы» атты бөлім аштырады және оның жетекшілігіне Б.Көмековті тағайындайды. Іскер басшы бірден

бөлімге нағыз мамандарды жинай бастайды. Аз уақыт ішінде бөлімге араб, парсы, шағатай, қытай, түрік, испан тілдерін білетін мамандар – К.Пищулина, Н.Мингулов, Т.Сұлтанов, А.Қадырбаев, В.Настич, В.Шуховцев, С.Өтениязов секілді ғалымдар шоғырландырылады.

Жас болса да бас бола білген, ғылымға адал, жаны таза Б.Көмеков ғылыми ізденістермен қатар, ғылыми кадрлар даярлау ісіне де белсене араласады. Оған тарих, археология және этнография институты басшылығы өткен ғасырдың 80-ші жылдары үлкен сенім артып, институттың мамандандырылған Ғылыми Кеңесінің ғалым хатшысы етіп тағайындаса, Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық Жоғары аттестациялық комиссия (ВАК) Б.Көмековті Орта Азия мен Қазақстанда тарих ғылымының мамандықтары бойынша сарапшы ретінде бекітеді. Осы салада да ағайымыз өзіне тапсырылған міндеттерді абыроймен орындайды.

1994 жылы Б.Көмеков Ресей Ғылым Академиясының Шығыстану институтының Санкт-Петербург бөлімінде «VIII-XIII ғғ. қыпшақ, құман және қимақ тарихына қатысты араб деректері» атты тақырыпта докторлық диссертациясын сәтті қорғайды. 1995 жылы профессор Б.Көмеков ҰҒА корреспондент-мүшесі, ал 2003 жылы ҰҒА академигі болып сайланады. Бұл дегеніміз оның ғылыми шығармашылығын мойындау және ғалымға деген үлкен құрмет болса керек.

Академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Б.Көмековтің жалпы ғылыми жарияланымдарының саны 700-ден асады. Оның ішінде 40-тан аса жеке және ұжымдық монография, оқулық және оқу құралдары бар. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен және кеңесімен – 7 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты диссертацияларын қорғаған. Сол жетеудің ішінде осы жолдардың авторы да бар. Көмеков шәкірттерінің бәрі ұстазы секілді ғылымда адалдықты ту етіп ұстап, Отан тарихының өзекті мәселелері бойынша тарихнамаға өз үлестерін қосуда.

Соңғы 25 жылда академик Б.Көмеков өз шәкірттерімен бірге Халықаралық Қыпшақтану орталығын ашып, Еуразия аумағындағы қыпшақ этносының тарихи мәселелерімен терең айналысып жүр. Ол осы тақырыппен айналысатын АҚШ, Венгрия, Түркия, Иран, Англия, Франция, Қытай, Жапония, Ресей, Болгария, Румыния, Украина, Армения, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан ғалымдарымен тығыз байланыс орнатқан. Ол бірнеше рет халықаралық деңгейде

қыпшақтану мәселелеріне арналған конференциялар өткеріп, оның материалдарын жариялады.

Академик Б.Көмековтің отандық тарих ғылымына сіңірген еңбектері мемлекет тарапынан да жоғары бағаланды. 2014 жылы ғалымдар үшін ең үлкен мемлекеттік марапат болып саналатын «Парасат» орденін кеудесіне тақты. Ал мерейтойлық, тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға арналған және қоғамдық ұйымдардың медальдары қаншама!

Бүгінгі күндері сексеннің сеңгіріне шығып отырған академик ағамыздың күш-қайраты мен ерік-жігері бойында. Одан халқы әлі де талай ғылыми туындылар күтуде. Тараздағы мектепте, Ташкенттегі университетте өз қатарының алды болған, Бағдатта ел намысын жерге түсірмеген, Мысырда қазақтың қандай екенін көрсеткен, Ленинградта бүкіл қазақ жастарының қандай болатындығын дәлелдеген, ал Алматыда болса, бүкіл жиған-терген білімін өз халқына еселеп, том-томдап сыйлаған Болат Ешмұхамбетұлына қандай құрмет көрсетсек те өте лайықты тұлға. Нағыз қазақ үшін, қазақ ғылымы үшін жаратылған «аңыз адам» деуге тұрарлық.

**Берекет Кәрібаев,**  
ҰҒА корреспондент-мүшесі,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы  
// Egemen Qazaqstan. – 2020. – 26 мамыр.

## ОСНОВОПОЛАГАЮЩИЕ ТРУДЫ КУМЕКОВА

Работы казахского историко-востоковеда, доктора исторических наук, академика НАН РК, специалиста по средневековой истории Центральной Азии и истории тюркских народов Булата Кумекова, посвященные кимекам, племенному союзу, из состава которого вышли кипчаки, с момента их первой публикации в 1968 году были основополагающими для изучения как собственно кипчаком и кимеков, так и этнических компонентов, сформировавших современный казахский народ.

Кумано-кипчакские народы, связанные тесным родством, составляют этнолингвистическую основу множества тюркских народов, проживающих сегодня от Сибири до Северного Кавказа. Исторически сложилось так, что кумано-кипчакские кочевые народы Дешт-и Кипчака, охватывающего огромную территорию от Западной Сибири до дунайских пограничных районов Европы, доводящего до Волго-Булгарии на северо-западе и включающего северокавказские степи и Крым на юге, тесно взаимодействовали с Венгрией, Византией, Балканским регионом, Русью, Закавказьем, государством Хорезмшахов (государство, располагающееся на западе современного Узбекистана). Характер этих взаимодействий был как враждебный, так и мирный. Кумано-кипчакские народы, будучи превосходными воинами, состояли на службе у правящих династий мусульманского мира, а также в Индии и Китае. Их взаимодействие с оседлыми соседями западных евразийских степей имеет давнюю историю. Хотя многие аспекты этой истории известны, но в отношении самых ранних ее этапов остаются существенные пробелы и различные интерпретации.

Сразу поражает множественность имени (Qun, Cuman [Quman] Qırcağ, половцы и их родственные племена), под которыми был известен, несомненно, полиэтничный племенной союз Cuman-Qırcağ-Qanlı. И здесь без кропотливых и плодотворных исследований профессора Булата Кумекова серьезная научно-исследовательская работа над группой народов, известных под именем «кипчак», была бы невозможна. Его перу принадлежат сотни актуальных исследований по изучению источниковедческих и историографических проблем кипчаков и их предшественников кимеков. Подлинно научным открытием явилась потрясающая его монография «Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам» (Алма-Ата, «Наука», 1972) – уникальная и

фундаментальная работа, которая стала классической, знаменует собой отправную точку для современных исследований кимеков и кипчаков. Замечательный труд является одним из первых, в котором подробно используется важнейшее сочинение и картографический материал арабского ученого ал-Идриси. Средневековый автор, писавший на Сицилии в середине XII века, создал ценное географическое произведение, основанное на широком круге письменных памятников, нередко содержащих оригинальные бесценные сведения, не встречающиеся в других источниках.

Докторская диссертация Булата Кумекова «Арабские источники по истории кипчаков, куманов и кимеков VIII – нач. XIII в.» (Санкт-Петербург, 1994) выполнена на надежной основе письменных источников мусульманского мира по истории кимеков и кумано-кипчаков. Как и его ранняя книга о кимеках, диссертация является базовым трудом для критического изучения этих народов.

Профессор Булат Кумеков изучал сложный вопрос об этнических компонентах, составляющих Кипчакский союз, и в ряде изысканий пришел к выводу, что куманы и кипчаки произошли из «триады» этнополитических объединений, входивших в Кимекский каганат. После его падения в начале XI века племена кипчаков к западу от Волги стали известны и как куманы (в частности, в западных и некоторых сирийских источниках), в то время, как к востоку от Волги их называли термином «кипчак» в арабских, персидских, армянских, грузинских и китайских источниках. В Кипчакское племенное объединение, помимо собственно кипчаков, входили печенежские, огузские, башкирские и другие тюркские этнические компоненты, а также тюркизированные группы (асы). Детальный анализ профессора Кумекова состава этих двух тесно связанных между собой конфедераций племен выявил названия их правящих династийных родов, количественный состав племен, элементы социальной структуры и много новой информации, почерпнутый из арабских и персидских сочинений, в частности, по истории их городов, нередко упускаемой из виду в исследовательской литературе.


Вместе с тем им проведена большая работа по подготовке и изданию текстов, осуществлению переводов с комментариями к ряду арабских источников, проливающих свет на историю и культуру Казахстана («История Казахстана в арабских источниках, Арабские географы и путешественники IX-XII вв.», Алматы, 2010) и

представляющих прочный фундамент для источниковедческих и историографических разработок. Эти и многие другие исследования позволили Булату Кумекову стать признанным ученым с мировым именем в области изучения Кипчакского мира и истории формирования казахского народа.

Мне, зарубежному коллеге, доставляет большую удовольствие поздравить профессора Булата Кумекова с чудесной юбилейной вехой в его жизни и пожелать дальнейшего столь же яркого творческого долголетия.

**Питер Б. Голден**, тюрколог, заслуженный профессор  
университета Рутжерс, Нью-Джерси (США)  
// Казахстанская правда. – 2020. – 21 август.

# ЖЕКЕ ҚҰЖАТТАРЫ ЛИЧНЫЕ ДОКУМЕНТЫ





Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинеті жанындағы  
Жоғары аттестациялық комиссияның  
19 97жылғы 20 наурыз айының шешімімен /№ 3 хаттама/  
*Көмеков*  
*Болат Ешмұхамбетұлына*  
тарих  
мамандығы бойынша  
**ПРОФЕССОР**  
ғылыми атағы берілді

Жоғары аттестациялық  
комиссияның төрағасы  
Бас ғылыми хатшы  
ПФ № 0000689 Алматы

*М. Мамұтжанов*  
*В. Мата*

Решением Высшей аттестационной комиссии  
при Кабинете Министров Республики Казахстан  
от 20 июля 19 97 года  
*Кумекову Булату Ешмухамбетовичу*  
присвоено ученое звание  
**ПРОФЕССОРА**  
*история*  
по специальности  
**PROFESSOR**  
of History  
By decision of the Supreme Certifying Commission  
of the Council of Ministers of the Republic of Kazakhstan  
the scientific title of  
is conferred upon  
*Булал Е. Кумеков*  
as of June, 20 19 97  
Председатель ВАК *А. Касенов* Chairman  
Главный научный секретарь *М. Жүрпинов* Principal academic secretary

**ДИПЛОМ**  
ДОКТОРА НАУК  
№ 002494

Решением  
Высшего аттестационного комитета  
Российской Федерации  
от 16 сентября 1994 г. № 409/5  
*Кумекову Булату Ешмухамбетовичу*  
ПРИСУЖДЕНА УЧЕНАЯ СТЕПЕНЬ  
**ДОКТОРА**  
*исторических наук*

Продователь  
Высшего аттестационного комитета  
Российской Федерации  
Главный научный секретарь  
Высшего аттестационного комитета  
Российской Федерации  
*М. Раисов*

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ – ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

КУӘЛІК № 135

**КӨМЕКОВ**  
Болат Ешмұхамбетұлы  
Қазақстан Республикасы  
Ғылым академиясының  
корреспондент мүшесі

Министр-президент *В. Школьник*

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ – АКАДЕМИЯ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УДОСТОВЕРЕНИЕ № 135

**КУМЕКОВ**  
Булат Ешмухамбетович  
член-корреспондент  
Академии наук Республики  
Казахстан

Министр-президент *В. Школьник*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

№ 102 КУӘЛІК

*Болат Ешмұхамбетұлы*  
**КӨМЕКОВ**  
– Қазақстан Республикасы  
Ғылым Академиясының  
толық мүшесі (академигі)

М. Жүрпинов  
ҚР ҰҒА Президенті *М. Жүрпинов*

НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УДОСТОВЕРЕНИЕ № 102

**КУМЕКОВ**  
Булат Ешмухамбетович  
– действительный член (академик)  
Национальной академии наук  
Республики Казахстан

январь 2004 г.  
Президент НАН РК *М. Жүрпинов* М. Жүрпинов

**ҚР ҰҒА АКАДЕМИГІ,  
ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР,  
ШЫҒЫСТАНУШЫ-АРАБТАНУШЫ Б.Е. КӨМЕКОВТІҢ  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ**

**ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЕ РАБОТЫ АКАДЕМИКА НАН РК,  
ДОКТОРА ИСТОРИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОРА,  
ВОСТОКОВЕДА-АРАБОВЕДА Б.Е. КУМЕКОВА**

1. Arap Kaynaklarına göre IX-XI. Asirlarda Kimek devleti. Gevrenler: Mehmet Kildiroğlu, Çingiz Samudinuulu. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2013. – 177 s.
2. Арабские и персидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв: научно-аналитический обзор / ответственный редактор Т.Б. Балакаев. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 40 с.
3. Арабские источники по истории кыпчаков, куманов и кимаков VIII – нач. XIII вв.: диссертация в виде научного доклада на соискание научной степени доктора исторических наук: 07.00.09. – Санкт-Петербургский филиал Института востоковедения РАН, 1994. – 40 с.
4. Атлас и рабочая тетрадь по истории средневекового Казахстана: для 7 класса / К.М. Байпаков, М.Е. Дикань. – Алматы: Мектеп, 2008. – 31 с.
5. Байбарыс сұлтан. Тарих, тұлға, уақыт / Қ.Сәки. – Алматы: Аруна баспасы, 2004. – 93 б.
6. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам: автореферат. – Алма-Ата: Наука, 1970. – 156 с.
7. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
8. Ежелгі кыпшақ тілі. – Алматы: 2007 (в соавторстве).
9. Ыақұттың «Му' джам әл-булдан» (XIII ғ.) жағрафиялық жинағы - Қазақстанның ортағасырлық тарихының дерегі / З.С. Ильясова. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 242 б.
10. История Казахстана. Дидактические материалы: для 5 класса общеобразовательной школы / Т.С. Жумаганбетов, К.С. Игликова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 128 с.

11. История Казахстана. Методическое руководство: для учителей 5 класса общеобразовательной школы / Т.С. Жумаганбетов, К.С. Игликова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 400 с.
12. История Казахстана: учебник для 5 класса общеобразовательной школы / Т.С. Жумаганбетов, К.С. Игликова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 144 с.
13. История Казахстана. Хрестоматия: для 5 класса общеобразовательной школы / Т.С. Жумаганбетов, К.С. Игликова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 64 с.
14. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк / Ж.К. Таймагамбетов, К.М. Байпаков, Б.Е. Кумеков и др. – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.
15. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк / Ж.К. Таймагамбетов, К.М. Байпаков, Б.Е. Кумеков и др. – Алматы: Дәуір, 2003. – 416 с.
16. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: очерк / Ж.К. Таймагамбетов, К.М. Байпаков, Б.Е. Кумеков и др.; редактор Л.И. Дробжева. – Алматы: Дәуір, 2006. – 416 с.
17. История Казахстана в средние века: учебник для 7-8 классов / К.М. Байпаков, К.А. Пищулина. – Алматы: Рауан, 1996. – 176 с.
18. История Казахстана в средние века: учебник для 7-8 классов. / К.М. Байпаков, К.А. Пищулина. – Изд. -3-е. – Алматы: Рауан, 1997. – 176 с.
19. История Казахстана в средние века (VI-XVII вв.): учебник для 7-8 классов. / К.М. Байпаков, К.А. Пищулина. – Изд. 4-е. – Алматы: 1998.
20. История Казахстана в средние века (VI-XVII вв.): учебник для 7-8 классов. / К.М. Байпаков, К.А. Пищулина – Изд. 5-е. – Алматы: 1999.
21. История Казахстана в средние века (VI-XVII вв.): учебник для 7-8 класса. / К.М. Байпаков, К.А. Пищулина. – Алматы: 2001.
22. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В 5 т. Т. 1: Первобытно-общинный строй. Племенные союзы и раннефеодальные государства на территории Казахстана / главная редакционная коллегия: С.Б. Баишев, С.Б. Бейсембаев, Г.Ф. Дахшлейгер и др. – Алма-Ата: Наука, 1977. – 477 с.

23. История Казахской ССР. с древнейших времен до наших дней. В 5 т. Т. 2. – Алма-Ата: Наука, 1979. – 424 с. (соавтор, член редколлегии тома).
24. История казахской государственности (древность и средневековье): монографическое исследование. – Алматы: Адамар, 2007. – 416 с. (соавтор).
25. История казахской государственности и Казахского ханства. – Алматы: КазНУ, 2015. – 46 с. – Текст каз., англ., рус.
26. История мамлюкской архитектуры в Египте / Б.Батыршаулы, С.Батыршаулы. – Астана: «Сары-Арка», 2011. – 308 с.
27. История средневекового Казахстана: учебник для 7 класса общеобразовательной школы / К.М. Байпаков, М.Е. Дикань. – Алматы: Мектеп, 2008. – 232 с. – Текст рус., каз.
28. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави / А.К. Муминов, У.А. Султонов, В.К. Шуховцов, Д.Т. Кенжетаев, Б.Е. Кумеков. – Астана: Мастер ПО ЖШС, 2017. – 216 с.
29. Историческая география Казахстана по средневековым картам IX-XIV веков мусульманской культуры: монография / Р.Б. Кумекова. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2020. – 110 с.
30. Каган Модэ: История, личность, время. – Алматы: Аруна, 2003. – 96 с.
31. Казахи. Казахская энциклопедия в 4-х томах. Т. 1 / Р.Б. Сулейменов, Н.Е. Масанов. – Алма-Ата, 1985.
32. Кимекский каганат: источники, историография и социум / Н.Е. Кузембаев. – Павлодар: Издательство ПГПИ, 2014. – 99 с. – Текст рус., каз.
33. Кимек қағанаты: деректер, тарихнама және қоғам / Н.Е. Күзембаев. – Павлодар: ПМПИ баспасы, 2014. – 100 б.
34. Кодекс Куманикус. Қыпшақтардың тарихи-мәдени ескерткіші (XIII-XIV ғғ.): монография / Қ.С. Анарбаев. – Алматы: Нұр-Сұлтан, – 2020. – 336 б.
35. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы ежелгі және ортағасырлық кезең: монографиялық зерттеу. – Алматы: Адамдар, 2007. – 432 б.
36. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы және Қазақ хандығы = The history of the kazak statehood and the kazak khanate = История казахской государственности и казахское ханство. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 45 б.

37. Қазақ ҚСР тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. 5 т. Т. 1. – Алма-Ата: Ғылым, 1982.
38. Қазақстан тарихы. Хрестоматия: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған / Т.С. Жұмағанбетов, К.С. Игілікова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 142 б.
39. Қазақстан тарихы туралы араб және парсы деректемелері (IX-XIV ғғ.): хрестоматия. – Алматы: «Арыс», 2021. – 136 б.
40. Қазақстанның оттура әсирләр тарихи: 7-8-синиплар үчүн дәрислик / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина. – Алматы: Рауан, 1995. – 176 б.
41. Қазақстанның оттура әсирләр (V-XVII әә.) тарихи: умумий билим беридиған мәктәпләрнің 7-8 синиплири үчүн дәрислик / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина. – 2-чи м. – Алмұта: Рауан, 1996. – 176 б.
42. Қазақстанның оттура әсирләр (V-XVII әә.) тарихи: умумий билим беридиған мәктәпләрнің 7-8 синиплири үчүн дәрислик / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина. – 3-чи м. – Алмұта: Рауан, 1997. – 176 б.
43. Қазақстанның оттура әсирләр (V-XVII әә.) тарихи: умумий билим беридиған мәктәпләрнің 7-8 синиплири үчүн дәрислик / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина. – 4-чи м. – Алмұта: Рауан, 1998. – 176 б.
44. Қазақстанның оттура әсирләр (V-XVII әә.) тарихи: умумий билим беридиған мәктәпләрнің 7-8 синиплири үчүн дәрислик / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина. – 5-чи м. – Алмұта: Рауан, 1999. – 176 б.
45. Махаббатсыз дүние бос: новелла, очерк және мақалалар / С.Мүтәлиев. – Алматы: Б.б., 2006. – 116 б.
46. Мөде қаған. Тарих, тұлға, уақыт / А.Галиев; аударған Н.Сламбекова; бас редакторы Қ.Байғабылова. – Алматы: Аруна баспасы, 2007. – 95 б.
47. Мұхамед Хайдар Дулат. Тарих, тұлға, уақыт / Б.Кәрібаев; бас редакторы Қ.Байғабылова. – Алматы: Аруна, 2004. – 95 б.
48. Мухаммед Хайдар Дулат. История, личность, время / Б.Карибаев. – Алматы: Аруна, 2004. – 96 с.
49. Мысырдағы мамлүк сәулет өнерінің тарихы = История мамлюкской архитектуры в Египте / Б.Батырша-ұлы, Б.Е. Көмеков, С.Батырша-ұлы. – Астана: Сарыарқа: 2011. – 308 б.

50. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (VI-XVII ғ.): оқулық 7-8 сыныптарға арналған / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: Рауан, 1995. – 176 б.
51. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (VI-XVII ғ.): 7-8 сыныптарға арналған оқулық. 2-ші бас. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: 1996.
52. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (VI-XVII ғ.): 7-8 сыныптарға арналған оқулық. 3-ші бас. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: 1997.
53. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (VI-XVII ғ.): 7-8 сыныптарға арналған оқулық. 4-ші бас. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: 1998.
54. Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы (VI-XVII ғ.): 7-8 сыныптарға арналған оқулық. 5-ші бас. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: 1999.
55. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: нашар көретін оқушылар мектебінің 7-8 сыныптарына арналған оқулық. / К.М. Байпақов, К.А. Пищулина; аударған: Ә.Орынбаева. – 4-ші басылым. – Алматы: Мектеп, 2002. – 304 б.
56. Ортағасырлық Қазақстан тарихы (VI-XVII ғғ.): 7-8 сыныптарға арналған оқулық. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: 2001.
57. Ортағасырлық Қазақстан тарихы: 7 сыныпқа арналған оқулық. / К.М. Байпақов, М.Е. Дикань. – Алматы: Мектеп, 2008. – 247 б.
58. Ортағасырлық Қазақстан тарихына байланысты 7 сыныпқа арналған атлас және жұмыс дәптері / К.М. Байпақов, М.Е. Дикань. – Алматы: Мектеп, 2008. – 43 б.
59. Средневековая история Казахстана: учебник для 7-8 классов. / К.Байпақов, К.Пищулин. – Алматы: Рауан, 1995. – 72 с.
60. Средневековая история Казахстана. – Алматы: 2008 (соавтор).
61. Старокипчакский язык / А.Курышжанулы, С.Ж. Дуйсен. – Алматы: Издательство Казахского женского педагогического института, 2007. – 352 с.
62. Султан Бейбарс. История, личность, время / К.Саки. – Алматы: Аруна, 2004. – 96 с.
63. Шоқан Уәлиханов. Тарих, тұлға, уақыт / С.Өтениязов; бас редакторы Қ.Байғабылова. – Алматы: Аруна, 2006. – 93 б.

64. Шыңғыс хан. Тарих, тұлға, уақыт / А.Галиев. – Алматы: Аруна, 2003. – 95 б.
65. Шыңғыс хан. Тарих, тұлға, уақыт / А.Галиев. – Алматы: Аруна баспасы, 2007. – 95 б.
66. Чингис хан. История, личность, время / А.А. Галиев. – Алматы: Аруна, 2003. – 96 с.
67. Чингис хан: история, личность, время / А.Галиев. – Алматы: Аруна, 2007. – 96 с. – Текст рус., каз.
68. Чингис хан. История, личность, время / А. Галиев. – Алматы: Аруна, 2010. – 96 с. – (Знаменитые люди Востока).
69. Чокан Валиханов. История, личность, время / С.Утениязов. – Алматы: 2006. – 96 с.
70. Хан Джучи. Великая Степь / Т.И. Султанов, В.В. Трепавлов, Ю.И. Новоженев, Г.Ж. Табулдин, О.В. Лушников и др. – Издательство ЛРТО, 2020. – 392 с.

**ҚҰРАСТЫРҒАН, АУДАРҒАН, РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ,  
ЖАУАПТЫ РЕДАКТОРЫ, БАС РЕДАКТОРЫ,  
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ БОЛЫП ШЫҒАРҒАН КІТАПТАРЫ**

**КНИГИ ПЕРЕВЕДЕННЫЕ И ИЗДАНЫЕ ИМ  
В КАЧЕСТВЕ НАУЧНОГО КОНСУЛЬТАНТА,  
ЧЛЕНА РЕДАКЦИОННОЙ КОМИССИИ,  
ОТВЕТСТВЕННОГО РЕДАКТОРА,  
ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА**

71. Алматы туралы шығыс дереккөздері / құрастырған Қ.Муминов, А.Ш. Нұрманова, жауапты редактор Б.Е. Көмеков. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 179 б.
72. Алпысбес М.А. Шежире казахов: источники и традиции / рецензент М.Х. Абусейтова, Б.Е. Кумеков. – Астана: BG-Print, 2013. – 239 с.
73. Археологиялық зерттеулер жайлы есеп. Мемлекеттік «Мәдени мұра – 2004» бағдарламасы бойынша = Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие-2004». – Алматы: ИД Credo, 2005. – 200 б.
74. Әбділәшімұлы Д. Жүнго бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар / жауапты редактор Б.Е. Көмеков. – Алматы: Елтаным, 2016. – 214 б.
75. Байпақов К.М. Батыс түрік және Түргеш қағанаттары: түркілер және соғдылар, дала мен қала: монография / бас редактор Көмеков Б.Е, аударған С.Ибрагим. – Алматы: Археологическая экспертиза, 2010. – 397 б.
76. Байпаков К. Великий шелковый путь (на территории Казахстана) / научный редактор Б.Е. Кумеков. – Алматы: Адамар, 2007. – 494 с.
77. Байпаков К.М., Воякин Д.А. Выдающиеся археологические памятники Казахстана / ответственный редактор Б.Е. Кумеков. – Алматы: [б. и.], 2014. – 503 с.
78. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана: (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Кн. 1: Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы-раннем средневековье / ответственный редактор Б.Е. Кумеков; пер. закл. на каз. яз.



- Е.Акымбек, пер. закл. на англ. яз. Л.Сейфулина. – Алматы: Институт археологии им. А.Маргулана, 2012. – 388 с.
79. Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана: по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. Кн. 2: Урбанизация Казахстана в IX - начале XIII в. / ответственный редактор Б.Е. Кумеков. – Алматы: Институт археологии им. А.Маргулана, 2013. – 512 с.
80. Байпаков Карл Молдахметович: биобиблиография ученых Казахстана / главный редактор М.Ж. Жұрынов; ответственный редактор Б.Е. Көмеков. – Алматы: ТОО Luxe Media grup, 2010. – 274 с.
81. Байпаков К.М. Религии и культуры средневекового Казахстана (по материалам городище Куйрыктобе) / Г.А. Терновая; ответственный редактор Б.Е. Көмеков. – Алматы: БАУР, 2005. – 236 с.
82. Бәкран Мұхаммед ибн Нәжиб. Жаһан нама: (XIII ғасыр) / Кіріспе мақала, парсы мәтінінен қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне аударған Б.Е. Көмеков. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – 478 б.
83. Большой атлас истории и культуры Казахстана / главный редактор коллекции Б.Е. Кумеков и др. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2008. – 880 с.
84. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. Т.1. / составители В.Я. Басина, Б.Е. Кумеков и др. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 430 с.
85. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. Т. 3 / редактор А.Х. Маргулан; редколлегия Ж.М. Абдильдин. Б.Е. Кумеков и др. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской Советской энциклопедии, 1985. – 413 с.
86. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. / редактор А.Х. Маргулан; составители: В.Н. Настич, В.К. Шуховцов, Б.Е. Кумеков – Алма-Ата, 1985. – Т. 4. – 458 с.
87. Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения / вступительная статья А.Х. Маргулана; составители: Б.Е. Кумеков, В.А. Моисеев, В.Н. Настич. – Москва: Наука, Главная редакция восточной литературы, 1986. – 413 с.

88. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 1 / научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2010. – 430 с. – (Культурное наследие).
89. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 2 / научный редактор Б.Е. Кумеков; составители: Х.А. Аргынбаев и др. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2010. – 418 с. – (Культурное наследие).
90. Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. Т. 3 / научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2010. – 414 с. – (Культурное наследие).
91. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 1 / научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2014. – 431 с.
92. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 2 / научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2014. – 418 с.
93. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 3 / научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2014. – 416 с.
94. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений Т. 4 / составитель Б.Е. Кумеков, В.Н. Настич, В.К. Шуховцов; научный редактор Б.Е. Кумеков. – 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2018. – 479 с. – Текст каз., рус..
95. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т. 5 / составитель Б.Е. Кумеков и др. 3-е изд. – Алматы: Алатау, 2018. – 542 с.
96. Еуразия қыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері: түркі жазбалары мен мәдениеті күндері аясында Кимек мемлекетінің 1100 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференциясы материалдарының жинағы, 29-30 мамыр 2013 ж. / жалпы редакциясын басқарған Б.Е. Көмеков. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 348 б. – Қазақ, орыс, ағыл. тілінде.
97. Жалайыр Қадырғали. Шежірелер жинағы / шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар: Н.Мингулов, Б.Көмеков, С.Өтениязов. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.
98. История Казахстана в арабских источниках. Т. 1: Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из арабских сочинений, собранные В.Г. Тизенгаузенем / А.К. Муминов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 706 с. – (Культурное наследие).
